

## Жекелеген санаттағы азаматтарға жеңілдіктер беру туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 тамыздағы № 05-16/149 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 тамызда № 5944 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заңының 44-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 1996 жылғы 1 қантарға дейін "Отан", "Данқ" ордендерімен наградталған, айырымның ең жоғары дәрежесі - "Халық Қаһарманы" атағына, республиканың құрметті атақтарына ие болған азаматтарға 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы төлемдер түрінде ақшалай мәнде жеңілдік берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған аудандық мәслихатының  
кезекті XV сессиясының төрағасы

T. Мамуов

Жаңақорған аудандық мәслихатының хатшысы

E. Ильясов

### "КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңақорған аудандық жұмыспен  
қамту, әлеуметтік бағдарламалар  
және азаматтық хал актілерін тіркеу  
бөлімі" коммуналдық мемлекеттік  
mekemесінің басшысының уақытша  
міндетін аткарушы  
С. Өмірбек \_\_\_\_\_  
"08" 08 2017 жыл.

"Жаңақорған аудандық экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
коммуналдық мемлекеттік  
mekemесі басшысының орынбасары  
Ж.Мұсілім \_\_\_\_\_  
"08" 08 2017 жыл.